

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ҚАУЛЫСЫ**

2019 жылғы 11 қараша

Алматы қаласы

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВЛЕНИЯ**

№ 179

город Алматы

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының  
2020 жылға арналған комиссиялық сыйақысының шамасын  
белгілеу туралы**

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы»  
2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес  
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының  
2020 жылға арналған комиссиялық сыйақысының мынадай шамасы белгіленсін:

- 1) инвестициялық кіріс сомасынан 2,0 пайыз;
- 2) зейнетақы активтерінен айына 0,011 пайыз.

2. Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

3. Бағалы қағаздар нарығы департаменті осы қаулыны «Бірыңғай  
жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамына және Қазақстан  
Республикасы Ұлттық Банкінің мүдделі бөлімшелеріне жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.А. Біртановқа жүктелсін.

**Ұлттық Банк  
Төрағасы**

**Е. Досаев**